



Жетісу облыстық мәслихатының 2023 жылғы 20 маусымдағы № 4-31 "Жетісу облысының әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Жетісу облыстық мәслихатының 2024 жылғы 16 шілдедегі № 18-113 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 17 шілдеде № 234-19 болып тіркелді

Жетісу облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жетісу облыстық мәслихатының 2023 жылғы 20 маусымдағы № 4-31 "Жетісу облысының әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 183252 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасының міндетін атқарушы

С. Шенгелбаев

Жетісу облыстық мәслихаты 2024

жылғы 16 шілдедегі № 18-113

Шешіміне қосымша

Жетісу облысының әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі

1. Текелі қаласы:

1) № 6 шеңбер – "Текелийский энергокомплекс" ЖШС – Қонаев көшесі – "Жетісу облысының денешынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Текелі қаласының олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) № 3 шеңбер – "Текелі қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 3 орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Текелі қаласы әкімінің қалалық Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны – орталық базар.

2. Қаратал ауданы:

1) № 1 Бастөбе ауылы, Юн көшесі – Үштөбе қаласы, Нұрмұхамбетов көшесі;

2) № 2 Үштөбе қаласы, Мартынов көшесі – Үштөбе қаласы, Нұрмұхамбетов көшесі.

3. Талдықорған қаласы:

1) № 3 "Самал" шағын ауданы – "Қызыл тас" саяжайлары;

2) № 5 "Самал" шағын ауданы – "Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Талдықорған қаласындағы облыстық аурухана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Облыстық аурухана) – Н. Семашко көшесі;

3) № 12 "Көктем" (7) шағын ауданы – Облыстық аурухана – Н. Семашко көшесі;

4) № 226 арбат – Мойнақ ауылы;

5) № 23 "Самал" шағын ауданы – "Уйтас" саяжайлары;

6) № 25 "Самал" шағын ауданы – Еркін ауылы;

7) № 14 "Шаған" базары – "Қаратал" саяжайлары;

8) № 31 "Қалалық әмбебап дүкені" сауда үйі – Ә. Әлімжанов көшесі;

9) № 228 арбат – Еңбек ауылы;

10) № 8 "Самал" шағын ауданы – "Шығыс" шағын ауданы, С. Шанышев көшесі;

11) № 33 "Самал" шағын ауданы – "Болашақ" (6), "Көктем" (7) шағын аудандары – "Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Облыстық перинаталдық орталық" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

12) № 1, 1а "Самал" шағын ауданы – "Қызыл тас" саяжайлары;

13) № 10 "Самал" шағын ауданы – "Көктал" тұрғын ауданы;

14) № 2 "Қарағаш" базары – "Ащыбұлақ" саяжайлары;

15) № 4, 4а Өтенай ауылы – № 19 лицей;

16) № 7, 7а автовокзал – 1 бөлімше;

17) № 13 "Шығыс" шағын ауданы – 3 бөлімше;

18) № 18 "Қызыл тас" саяжайлары – Орман шаруашылығы;

19) № 20 "Самал" шағын ауданы – "Сарыбұлақ" саяжайлары (маусымдық);

20) № 227 арбат – 3 бөлімше;

21) № 24 "Самал" шағын ауданы – "Оптмаркет" сауда орталығы;

22) № 16 "Рахат" гастрономы – "Уйтас", "Көктем" саяжайлары;

23) № 17 "Қарағаш" базары – "Қайнар" зауыты;

24) № 862 Теректі ауылы (Ескелді ауданы) – Талдықорған қаласы (қала маңындағы маршрут);

25) № 863 Қайнарлы ауылы (Ескелді ауданы) – Талдықорған қаласы (қала маңындағы маршрут);

26) № 886 Биғаш ауылы (Ескелді ауданы) – Талдықорған қаласы (қала маңындағы маршрут);

27) № 865 Қарабұлақ ауылы (Ескелді ауданы) – Талдықорған қаласы (қала маңындағы маршрут).

4. Алакөл ауданы:

1) Қабанбай ауылы – Үшбұлақ ауылы;

2) Қабанбай ауылы – Лепсі ауылы;

3) Қабанбай ауылы – Жыланды ауылы – Шынжылы ауылы;

4) Үшарал қаласы – Ақши ауылы – Көктұма ауылы;

5) Үшарал қаласының қалаішілік маршруты.

5. Ескелді ауданы:

1) № 1 Қарабұлақ ауылының ауылдық маршруты.

6. Кербұлақ ауданы:

1) № 1 "Жетісу облысы білім басқармасының Кербұлақ ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Күреңбел қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан темір жолы" Акционерлік қоғамының Сарыөзек теміржол вокзалы;

2) № 2 "Жетісу облысы білім басқармасының Кербұлақ ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сарыөзек орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Жигулевка) – "Кербұлақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі.